

Педагогикалық кеңестің

№1 Хаттамасы

28.08.2021 ж

Қатысқандар саны:10

Күн тәртібінде:

1. Балабақшаның жылдық жоспары мен ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін бекіту.
2. Баланың тілін дамыту іс-әрекетінің ұйымдастыру. (баяндама)
3. Балалардың сөздік қорларды меңгерудегі тәрбиешінің ролі.(пікір алмасу)
4. Сөйлеуді дамыту материалдарын дайындау,қолдану әдістері.Көрме.
5. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту.

Тыңдалды:Балабақша меңгерушісі Н.Арапова сөз алды.Ол өз сөзінде балабақшаның жылдық жоспары мен оқу іс-әрекетінің кестесін бекіту мәселесіне тоқталды.2021-2022 оқу жылының негізі міндеттерін ұжыммен ойласа отырып төмендегі міндеттерді жоспарлады.

1."Денсаулық" білім саласы.

2."Қатынас" білім саласы.

Тәрбие мен білімнің дәні мектепке дейінгі білім ошағында беріледі.Сондықтан мектепке дейінгі білім ошағында білім мен тәрбие беру стандартына сай әр топтың жүктемелі іс-әрекеттері түзіліп бекітіледі.Оқу қызметінің кестесі бойынша жұмыс жоспарлары түзіледі.Сонымен қатар балабақшаның күн тәртібі қаралып,талқыланып бекітіледі.

Екінші мәселе бойынша меңгеруші Н.Арапова"Баланың тілін дамыту іс-әрекетін ұйымдастыру жайлы баяндама" оқыды.Тіл қоғамдағы адамдардың бір-бірімен пікір алмасып қарым-қатынас жасайтын құрал.Тілдің қоғамдағы алатын орны туралы Жүсіпбек Аймауытов "Ана тілі "халық болып жасалғаннан бері жан дүниенің айнасы өсіп-өніп түрлене беретін мәңгі құламайтын "Бәйтерек"десе Ахмет Байтұрсынов өзіміздің елімізді сақтау үшін бұл мәдениетке оқуға ұмтылу керек.Баланың мектепке дейінгі кезеңі оның жеке қасиеттерінің қалыптасып дамыту кезеңі.Сондықтан бала өз ана тілінде сөйлеуі қажет. Ұйымдастырылған оқу қызметын жоспарлау барысында балалардың білім деңгейі сөйлеу дәрежесі ескеріледі:Тәрбиеші балалармен жекеше сөйлесе жүріп, олардың білім деңгейі анықтайды.Аты-жөнін, әке-шешесінің атын,әкесі атасы,аға-інісі ойыншықтары жайлы сұрап

әңгімелесе отырып бағдарлама мазмұны негізінде күнтізбелік жоспар жасайды. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуда 4 негізгі мақсат дайындалады. Ауызша сөйлеуге үйрету, сөздік қорын дамыту

а) айналадағы дүниені табиғатты бақылау арқылы сөз қорын жаңа сөздермен байыту баланың ауызша сөйлеген сөздерін тыңдап өзіне қойылған сұраққа диалог түрінде жауап беруге үйрету.

Сөйлегендер: Балабақша тәрбиешісі А.Ермухамедова өз сөзінде былай деді: Менің тобымда балалар осы оқыған баяндамадан оларда осы әрекеттер көп. Балаларға оқылатын шығармалар олардың ой-өрісіне дүниетанымына әсер етерліктей болу үшін айтылған мәселелер мұқият ескерілу керек. Балалардың тілін дамытуда санамақтарды, саусақ ойындарымен дидактикалық материалдарды пайдалану туралы айтқанын өзімнің іс-жоспарыма ендіремін.

Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Н.Арапова сөз алды. Ол өз сөзінде балалардың сөздік қорларын меңгерудегі тәрбиешінің ролі атты тақырыпта тәрбиешілермен пікір алмасып, ұлы ақын Абай Құнанбаев «Адамның ерекше қасиеттері ақыл- ой , сана - сезім ішкі ішкі жан дүниесі жоғары кәсіби дәрежесі шығармасын ұстаздардан қалыптасады» - деп тегін айтпаған. Сондықтан ой пікірлеңізді ортаға салыңыздар.

Сөйлегендер: Балабақша тәрбиешісі А.Тлемисова өз сөзінде былай деді. Баланың шығармашылық қабілетін сөздік қорын дамыту мақсатында өткізілетін оқу қызметтері барысында жаңа технология элементтерін пайдалану тиімді. Бұл орайда баланы жалықтырып алмаудың жолдарын қарастырып төмендегі тәсілдерді тиімді қолдану қажет.

Балабақша психологі : Жунисова Салтанат өз сөзінде былай деді: Көпшілік арасында еркін сөйлеу үшін ішкі психологиялық дайындық және тілдік жаттығу қажет. Өткені қобалжып даусы дірілдеп адамның тыңдармандарына қалай әсер етері айтпаса да түсінікті. Балалардың тілдік тыныс алу барысында дем алуын, қысқа дем шығарудың ұзағырақ боларын түсінуі тиіс. Бірқатар жаттығулар тілдік тыныс алуды жасатуды алға қойып отырмыз. Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Н.Арапова сөз алды. Ол өз сөзінде «Сөйлеуді дамыту материалдарын дайындау қолдану» бойынша көрме ұйымдастырылды. Француз педагогы Жан Руссо: «Бала туғанда ақ қағаздай болып туады, оның үстіне шимайды салсаң қағаз бетіне солай түседі, бала тәрбиесі сол сияқты өзің қалай тәрбиелесең, ол солай тәрбиеленеді» деген. Тәрбие мен қатар балалар ойын арқылы өседі.

Сөйлегендер: балабақша тәрбиешісі Б.Бекбаева өзінің тіл дамытудан дайындаған материалдарын қалай пайдалану керектігін айтып өтті.

Балабақша тәрбиешісі Ұ.Бимбетова оқу қызметі барысында ойын түрлері

(ережелері дидактикалық ұлттық қимылды, сюжеттік рольдік т.б) кеңінен қолдануға болатын материалдарын көрсетті. Ойын тәрбиесі мен баланың балалардың бір бірімен еркін ынтымақтастығы негізінде құырылымын ,баланың өзіндік бейімділігін, өзінің барынша толық ашылуына ықпал ететін дидактикалық материалдар болып табылады.

Тәрбиеші Б.Бекбаева өз сөзінде былай деді: Баланы қоршаған заттың кеңістік орта болып табылады, топ немесе ойын алаңы оның элементтері баланың қажеттілігі мен қызығушылығын қанағаттандырып жеке басын дамытуға бағытталуы тиіс.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Н.Арапова сөз алды. Ол өз сөзінде мына мәселеге тоқталды.Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бөліп беріліп,бекіту туралы А.Я Каменскийдің сен ешбір жаңа нәрсе меңгермеген және өзінің біліміне ештеңе қоспаған күнде немесе сағатты бақытсыз сана деп айтқанындай тәрбиешілердің шығармашылығын дамыту жан жақты кездесу мақсатында төмендегі тақырыптар бөлініп беріледі.

1. Б.Байжанова- Балаларды дене тәрбиесі пәніне баулу,серуен арқылы дамыту
2. Ұ.Бимбетова - Мектеп жасына дейінгі балаларды қазақи салт дәстүрге баулу.
3. Б.Бекбаева –Балалардың сөздік қорын ойындар арқылы дамыту.
4. С.Жунисова - Балалардың толыққанды психологиялық дамуына жағдай жасау.
5. З.Тулебаева - Музыка әлеміне саяхат.
- 6.А.Тлемисова - Ойындар арқылы балалардың ой өрісін дамыту.
7. А.Ермухаммедова – Ертегі арқылы адамгершілікке мейірімділікке баулу.
8. Ғ. Құралова -Көркем шығармалар арқылы бала тілін дамыту.

Шешімі:

- 1.Бекітілген жоспар ,оқу қызметінің кестесі, күн тәртібі бойынша жұмыс жүргізілсін.
2. Балалардың тілін дамытуда негізгі 4 мақсаты жұмыс жоспарына енгізілсін.
- 3.Жылдық мақсатқа сай тәрбиешілер жан жақты ізденсін.
- 4.Сөйлеуді дамытудан дайындаған материалдарын оқу қызметінде қолдансын.
- 5.Тәрбиешілерге бекітілген шығармашылық тақырыптары бойынша жыл бойы жұмыс жүргізілсін.



Педагогикалық кеңестің

№ 2 Хаттамасы

02.11.2021ж

Қатысқандар саны:10

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы туралы.
2. Балаларды таныстыруға арналған көркем сурет туындыларына шолу.(баяндама)
3. Бейнелеуге үретудегі қолданылатын техникалық әдістерді талдау.
4. Бейнелеу мен тіл дамыту жұмыстарын байланыстыра отырып жүргізудегі пайдаланылатын көрнекіліктер көрмесі.
5. Тәрбиешілерге викторина (бейнелеу мен құрастыру және қол еңбегі бойынша бағдарламалық талаптарға сай сұрақтар)

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Н.Арапова сөз алды. Ол өз сөзінде дүние жүзінде соның ішінде Қазақстанда толық жетілген тұлғаны тәрбиелеу және соған байланысты әлеуметтік экономикалық психологиялық мәселелер күннен- күнге күрделене түсуде. Бүгінгі күні әрбір ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында тәрбие шешуші фактор болуы заңдылық. Солүшін де біздің міндетіміз балаларды жан –жақты тәрбиелеу оның дүние танымын жетілдіру иманды,білімді,ибалы етіп тәрбиелеу,еңбекке баулу,саналы,сауатты азаматтарды тәрбиелеу болып табылады. Ол үшін балалардың тілін дұрыс дамытуымыз қажет.Тіл ұлттың тарихы мен мәдениетін,әдет ғұрпын тыныс тіршілігін ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші негізгі құрал. Сондықтан да тәрбиешілер өздері ізденіс жасап шығармашылық жұмыс тәжірибесін толықтырып,дамытып отыруы тиіс.Тіл дамыту материалдары мен әдістерді дамыту ойындары тыңдалып,оқу іс әрекетінде жүргізіліп жатқанын қолдаймын.

Екінші мәселе бойынша әдіскер Б.Байжанова баяндама оқыды. Мектепке дейінгі жоғары буындағы балада бейнелеу өнерін жақсы көру сүю , түсіне білу,көре білу қабілетін дамытуда ата аналарға көмек беруіміз,сондай ақ негізгі жанрлармен таныстыруымыз бейнелеу өнерінің ғажайып сырын ұғынуына жәрдемдесуіміз керек.Көркем өнерді терең біле бермейтін адамдар оларды бағалауды тек ұқсас жақтары бойынша анықтайды. Олардың пікірінше егер суреттер бір біріне ұқсаса ол жақсы ,ал ұқсамаса сәтсіз шығарма. Балаларды мұндай баға беруден аулақ ұстау қажет. Олар өз түсінігі арқылы қалай көрсе,солай бейнелейтінін айтуымыз керек. Ол үшін

белгілі бір көркемдеу құралдарын пайдалатынын айтты. Кескіндеменің жолы болудың таңғажайып қасиеті бар. Бояу кескіндеме өнер туындыларына басты әңгімелеуші. Балалар табиғатты сүйеді әрі сезінеді. Оның эстетикалық әсерінің күшті сондай пейзаждық кескіндеме шығармалары оларға қуаныш сыйлайтын нәрсе ретінде есте қалады. Алғашқыда балаларды табиғат көрінісі мен бейнелеу өнерінің жанры ретінде таныстыруға болады. Мұнымен біз балаларды жалпы әлемге жеке тұлға ретіндегі қарым қатынасын тәрбиелеуге алып барамыз.

Үшінші мәселе :Келесі сөзді тәрбиеші А.Ермухамедова сөйледі. Жоғары да оқылған баяндаманы тыңдап ойға келдім. Осы жалпы ұст анымды басшылыққа ала отырып,әр педагог немесе ата ана балаларымен жұмыс жасаудың әдістемесін өзі таңдау қажет.Балалардың сөздік қорын молайту және сонымен қатар әдемі сөйлеп өзін қоршаған ортаның әдемілік жағынан сезінуіне ықпал жасауымыз қажет.

Осы мәселе жөнінде ой пікірін білдірген Ұ.Бимбетова мен бұл баяндаманы тыңдап мынадай тұжырымға келдім. Өнер туралы сұхбат балалардың әсемдік сезімін дамытатын нағыз тәрбиелеу және дамыту т уралы бола алады.

Төртінші мәсекле бойынша келесі сөз балабақша меңгерушісі Н.Арапова сөз алды. Ол өз сөзінде бейнелеу мен тіл дамыту жұмыстарын байланыстыра отырып жүргізудегі пайдаланылатын көрнекілік көрмесінің ұйымдастырылғанын айтты. Көркем шығарманың мәнін т үсіну үшін асықпай,оған араласып кіріп кетуі керек екенін айтты. Мұндай үлкен ұлы өнерге ынта ықылас,үлкен сүйіспеншілік қажет деді.

Өз ойын білдірген тәрбиеші Б.Бекбаева бейнелеу мен тіл дамыту жұмыстарын байланыстыра отырып жүргізудегі пйдаланылатын көрнекілік көрмесі,баланың ой өрісінің ерекше және қарқынды дамуына мәдениетті де көреген азаматтардың көбеюіне көп себеп болады. Өз ойын білдірген балабақша психологі С.Жунисова мен әріптестерімнің сөздеріне қосыламын.Балалардың тілін дамыта отырып бейнелеу өнеріне оларды бейімдеп жақындастыра отырып көрнекілік көрмесін пайдалану арқылы олардың сіздер айтып отырған ынта ықылас,сүйіспеншілігін оятарымыз сөзсіз.

Келесі мәселе бойынша меңгеруші Н.Арапова тәрбиешілерге арналған викториналық ойын өткізді. Бұл сұраққа жауапты ойын дөңгелек үстел үстінде өткізді.Осы ой жөнінде тәрбиеші Ұ. Бимбетова былай деді: Осындай ойындар біз тәрбиешілердің білімін көтеруге көп көмек береді.Сондықтан да осындай дөңгелек үстел үстінде викториналық ойындардың көп болуын мақұлдаймын.

Шешімі :

- 1.Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.
2. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай кеөркем сурет туындыларын «Қатынас» саласында таңдамалы түрде тиімді пайдаланылсын.
3. Бейнелеу өнгеріндегі техникалық әдіс тәсілдерін әр тәрбиеші өзінің оқу қызметінде тиімді және балалардың қызығушылығын оятатындай етіп пайдалансын.
- 4.Бейнелеу мен тіл дамыту жұмыстарын байланыстыра отырып жүргізудегі пайдаланылатын көрнекілік көрмесі қанағаттанарлық деп есептелсін.
- 5.Тәрбиешілер арасында өз білімін жетілдіру мақсатында дөңгелек үстел үстінде әр түрлі сұрақ жауап ойындары жүргізілсін.



Педагогикалық кеңестің

№ 3 Хаттамасы

03.02.2022ж

Қатысқандар саны:10

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы туралы.
2. Сау дене қалыптастыруға арналған өнімді әрекеттер нысандарын ұйымдастыру сапасы (балалардың дене дамуының көрсеткіштерін сараптау)
3. Танымдық қабілетті дамыту (баяндама) Ф. Бекшора
4. Жарыс ойыны.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Н.Арапова сөз алды. Ол өз сөзінде №2 Педагогикалық кеңес шешімдеріне тоқталып өтті. Бейнелеуге үйретудегі қолданылатын техникалық әдіс тәсілдерді әрі қарай дамыту. Бейнелеу мен тіл дамыту жұмыстарын жандандыру мақсатында көрмелер ұйымдастырылды. Ұйымдастырылған көрмені бұдан да кеңірек, кең көлемде өту керек. Өтілген ашық сабақтар бойынша топ тәрбиешілері жеке бағамен бағаланды. Қорыта келгенде өткен кеңестің шешімдері орындалды. Екінші мәселе бойынша балабақша психологі сөз алды. Ол өз сөзінде «Сау дене қалыптастыруға арналған әрекеттер нысандарын ұйымдастыру сапасы бойынша тоқталып өтті. Ол өз сөзінде баланың денсаулығына кеңінен тоқталды. Жеке бас гигиенасы, тазалығы жайлы тәрбиешілерге жеке жеке түсіндіріп өтті. Сонымен қатар балаға қандай жағдайлар жасау, бала ауырмау үшін деген сұрақтарға толық тоқталып өтті.

Үшінші мәселе «Танымдық қабілетті дамыту» балабақша тәрбиешісі Ф.Бекшора баяндама оқыды. Ол өз баяндамасында танымдық - сөздік бағыты әр сәби тұлғасының толық даму негізі ретінде қарастырылуы мүмкін. Тіл сөйлесудің жүргізуші құралы ретінде бала әрекетінің барлық түрін сүйемелдейді. Тіл сапасы, ойында, сабақта, суретті ойластыру мен талдауда, серуендегі бақылауда, көріністі талдағанда және т.б. қолдана алу біліктілігі бала әрекеті, оның құрдастармен қабылдануы, беделі мен бала қоғамындағы бедел жағдайына байланысты.

Тіл әрекеті танымсыз, баланың айналадағы әлемді игерусіз мүмкін емес.

Пәндік - дамытушылық орта - бұл бала әрекетінің материалдық объектілер жүйесі, оның рухани және дене тәрбие дамуының функциональді модельдік

мазмұны. Байытылған орта бұл бала әрекетінің әртүрлілігін қамтамасыз ететін әлеуметтік және пәндік құрал бірлігі.

Төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Н.Арапова ортаңғы топта өткізілген жарыс ойыны мен ұлттық ойындар көрмесіне тоқталып өтті. Жарыс ойынында біраз кемшіліктер айтылды. Мысалы шарттарына балалардың іс қимылдары сай келмейтіндігі, DVD дискілерін дұрыс қолданбау, жүргізу барысында көбірек үзіліс болғаны жайлы айтып, ескертулер жасады. Ал ұлттық ойындар көрмесіне келер болсақ, біздің ұлтымыздың салт дәстүрлерін жаңғырту насихаттау үшін жасалып отырғаны жайлы сонымен қатар балаларға, ата аналарға көрме ұйымдастырылып, балалармен ұлттық ойындар түрлері таныстырылып сол ойын түрлерін ойнады. Жалпы көрме жақсы ұйымдастырылған. Біз бұл ұлттық ойындар көрмесімен шектеліп қалмай, одан әрі дамыт уымыз керек. Ендігі көрмеміз зергерлік бұйымдар көрмесі, оғанда дайындалуымыз қажет. Әр топ жеке жеке дайындалады. Балабақша меңгерушісі Н.Арапова өткізілген ашық сабақтарға тоқталып өтті. Өткізілген сабақтардың жетістіктері мен кемшіліктерін айтты. Тәрбиешілерге ұсыныстар айтылды. Ендігі ашық сабақтарға бұдан да кең көлемде көрнекі құралдарды көбейтіп, жан жақты ізденіп жаңа технологияларды қолданып өткізуіміз қажет.

Шешімі :

1. Бейнелеуге үйретудегі қолданылатын техникалық әдіс тәсілдерді одан әрі қарай дамыту.
2. Сау денеге арналған өнімді әрекеттер нысандарын ұйымдастыру сапасы қолға алынсын.
3. Танымдық қабілетті дамыту бойынша жұмыстар жүргізілсін.
4. Жарыс ойындарына қанағаттанарлық деген баға берілсін.



Педагогикалық кеңестің

№ 4 Хаттамасы

19.05.2022ж

Қатысқандар саны:10

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы туралы.
2. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарына есеп беруі.
3. Жазғы сауықтыру жұмыстарын бекіту.
4. Қорытынды мониторинг туралы.
5. Жан жақты тексеру қорытындысы.
6. Ашық оқу қызметтерін талқылау.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Н.Арапова сөз алды. Ол өз сөзінде өткен кеңес шешімдеріне тоқталып өтті.балалардың дене дамуы мен денсаулығына көңіл бөлуіміз керек екенін айтты. Ұйымдастырылған оқу қызметінде ұлттық ойындар қолданылуы керек деді. Меңгеріші балалардың танымдық қабілеттерін шыңдау қажет деді. Осы мәселе бойынша өткен кеңесте шешім қабылданған болатын деді меңгеруші Н.Арапова ханым. Аталған мәселелерді қазіргі таңда орындауға тиісті шаралар жүргізіліп жатыр деп балабақша әдіскері көрсетіп өтті.

Екінші мәселе бойынша тәрбиешілер шығармашылық тақырыптарына есеп берді. Тәрбиешілер жеке жеке жасаған жұмыстарымен таныстырып көрнекі құралдар мен көрсетіп есеп берді. Балабақша меңгерушісі Н.Арапова тәрбиешілердің жыл бойы жасаған шығармашылық тақырыптары мен танысып жетістіктерімен кемшіліктерін айтып ұсынысын білдірді.

Үшінші мәселе бойынша жазғы сауықтыру іс шараларының жоспарын бекіту. Балабақша меңгерушісі Н.Арапова жазға сауықтыру шараларының жоспары құрылуын оның мақсаты мен міндеттерін таныстырып өтті.

Сондай ақ іс шараларды даярлық кезеңнен бастап оқу тәрбие жұмысы ,медециналық жұмыс,ата аналармен жұмыс,шаруашылық жұмыс етіп кезеңдерге бөліп олардың қызметтерімен таныстырды.жазғы сауықтыру шараларының Зайлық жоспарын түзді. Түзілген іс шаралармен танысып балабақша меңгерушісі Н.Арапова оларды бекітті.

Төртінші мәселе бойынша қорытынды мониторинг туралы балабақша әдіскері Б.Байжанова сөз алды. Ол өз сөзінде мониторинг жылына 3 рет түзіледі. Балалардың даму деңгейі анықталды. Естеріңізде болса қаңтар айында мониторингті түзіп балалардың жетістіктерін дамуын бағалаған едік. Енді бұл мониторинг қорытынды болғандықтан бір жылдық өткен сабақтардың, серуен саяхаттың күннің екінші жартысы барлығы қамтылып өздерінің қабілеттеріне қарай әр баланың жеке жеке баға қойылады. Ал педагогтардың мониторингін меңгеруші және әдіскер түзеді. Мониторинг осы мамыр айында толық түзіліп тексеріліп тапсырылады. Сол себепті сіздер осы сәттен бастап әр балаға даму деңгейін түзіп бастауларыңыз қажет.

Бесінші мәселе бойынша жан жақты тексеру қорытындысы бойынша балабақша меңгерушісі Н.Арапова жылдық жоспардың оқу тәрбие жұмысын бақылау мен басқару бөлімінде бекітілген, балалардың оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі тексеру мақсатында барлық топтарда жан жақты тексеру жүргізілді. Айтар болсам кіші топ тәрбиешісі А.Тлемисова топтың іші таза ойын сөрелері ойыншықтармен жабдықталған. Балалар ойыншықтардың орналасқан жерін бағдарлап екі үш қимылдан тұратын жеңіл тапсырмаларды орындай алады.

Тәрбиешілердің іс қағаздары жүргізілген. «Үлгілік» бағдарламасы бойынша перспективалық жоспар түзілген. Ортаңғы топ тәрбиешісі А.Ермухамедова Балаларды мәдени гигиеналық дағдыларды меңгерткен. Ертегіні, күлдіргі тақпақтарды зейін қойып тыңдайды. Мазмұны бойынша сұрақтарға жауап алады. Ересек топ тәрбиешісі Ұ.Бимбетова балалардың бойында тілдік қарым қатынас іскерлігі қалыптасқан. Денсаулық білім беру саласында негізгі қимыл түрлерін дамыту жаттығуларын жасай біледі. Бала ағзасын нығайтумен шынықтыруда түрлі шаралар жүргізілген. Жалпы айтқанда тәрбиешілердің жұмыстарына риза болып сөзін аяқтады.

Алтыншы мәселе бойынша ашық оқу қызметтерін талқылау Балабақша меңгерушісі Н.Арапова өткен ашық оқу қызметірінің жетістіктері мен кемшіліктеріне тоқталып өтті. Жалпы тәрбиешілерге жақсы деген баға берілді.

Шешімі :

- 1.Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.
2. Тәрбиешілер шығармашылық тақырыптары бойынша одан әрі іздену жұмыстарын жүргізсін.

3. Жазғы сауықтыру іс шараларының жоспары түзіліп, бекітілсін.
4. Қорытынды мониторинг түзіліп тапсырылсын.
5. Жан жақты тексеру қорытындысы бойынша топтарға жақсы деген баға берілсін.
6. Ашық оқу қызметін өткен тәрбиешілерге жақсы деген баға берілсін.

